

Мектеп директоры:
 К.Ауезбаев
«03» 09 2021ж.

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2021-2022оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарын құру	Қыркүйек	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер
2	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының басшысын сайлау жиыны 5-11 сыныптар	Қыркүйек	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Сынып жетекшілер
3	Баяндама «Сыбайлас жемқорлық деген не?» жиналыс өткізу 8-9-10 сыныптар	Қазан	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
4	«Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді» Адалдық дүкені 1-10 сыныптар	Қараша	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер Клуб басшысы
5	«Жемқорлыққа жол жоқ» инспектормен кездесу, әңгімелесу 5-11 сыныптар	Желтоқсан	Педагог ұйымдастырушы
6	Адалдық асыл қасиет Имаммен кездесу 5-11 сыныптар	Қаңтар	Педагог ұйымдастырушы
7	«Ата-ананы жауапкершілікке тарту жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтама» дебат 9-10 сыныптар	Ақпан	Педагог ұйымдастырушы ҚББП
8	«Жұмақтың кілті ананың табанының астында» анаға құрмет ашық хат 1-4 сыныптар	Наурыз	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер
9	«Бес асыл іс» қайырымдылық акциясы 5-6-7 сыныптар	Сәуір	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер Клуб басшысы
10	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қортынды есебі	Мамыр	Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Т.Сазанбаев

Педагог ұйымдастырушы:  Е.Есенқұлов

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде өткен

«Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында жиналыс

Мәлімет

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта мектебінде 8-11 сынып оқушыларына 2021 жылдың қазан айындағы жоспарға сай «Сыбайлас жемқорлық деген не ?» тақырыбында баяндама оқылды.

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша *согитио*)-пара беруді,өзінің қызметтік дәрежесінің лауазымды тұлғасын жеке баю мақсатында тікелейпайдалану деген мағынаны береді.Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тарихы 1992жылдың басынана басталды- «Қылмыстың ұйымдасқан түрінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасын Президентінің 17.03.1992ж №684 Жарлығы болып табылды. Баяндама оқушыларға тереңінен түсіндіріліп ,талқыланды.Оқушыларға сұрақтар қойылып ,өз ойларын ортаға салды.





Орындаған: Педагог ұйымдастырушы Есенқұлов Е

Қасқасу ШЖЖОМ

Сыбайлас
жемқорлыққа жол
жоқ

Баяндама

2021-2022ж

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Адалдық дүкені» туралы мәлімет.

Түркістан облысының адами әлеуетін дамыту басқармасы Төлеби аудандық адами әлеуетін дамыту бөліміне қарасты Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 18-27.11.2021жылы «Адал frineds» адалдық 1-10 сыныптар аралығында жәрмеңке өткізілді. Жобаның мақсаты сенім атмосферасын қалыптастыру, оқушылар өздерін адал жақсы адам ретінде тануға мүмкіндік беру. Оқушыларға дүкенде заттарды қалай сатып алуға болатыны туралы түсіндіріліп, өздеріне сенім ұялату





Орындаған: Педагог ұйымдастырушы Есенқұлов Е

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жемқорлыққа жол жоқ» туралы мәлімет.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында **«Жемқорлыққа жол жоқ»** атты бастамамен 2021жылдың желтоқсан айында Төлеби АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Еркебұлан Байымбетов мырзамен 5-11 сыныптар арасында кездесу болып өтті. Жиналыс барысында оқушыларға арнайы дайындалған бейнеролик көрсетіліп, құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Орындаған ұйымдастырушы педагог Есенқұлов Е

Мәлімет

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы, Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұшқыр-ой алаңы» дебат клубында **«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»** тақырыбы аясында 24.01.2022 жылы пікір-сайыс қозғалысы өтті. Оқушыларымыз екі топқа бөлініп «Тұмар» және «Қыран» топтары өздерінің арасынан лидер және спикер сайлап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты өзекті мәселелерді қозғады. Бірінші топ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін мұқтаждықты жою керек деп білсе, екінші топ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолында 6 факторды көрсетіп атап өтті. Нәтижесінде екі жақ тең түсіп төреші «достық жеңді» деген бағасын ұсынды.



Орындаған: ҚББП Жанай Г

Педагог ұйымдастырушы Есенқұлов Е

Түркістан облысы Төлеби ауданы
Қасқасу шағын жинақты жалпы орта мектебі

"Сыбайлас жемқорлық деген не?"

Оқу жылы 2021-2022ж

Сыбайлас-жемқорлық деген не, онымен күресу қағидалары

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағнасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “*corruptio*” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “*corruptio*” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларына келесі жатады:

1. Баршаның заң және сот алдында теңдігі. Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы тандап қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар, басқалар үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады—сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

2. Мемлекеттік органдар қызметінің нақты құқықтық тәртібін, заңдылығын және осындай қызметтің жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда ҚР Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас-жемқорлықпен күрес бойынша Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, 2008 жылға дейін мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат ету және әкімшілік құзыреттерін оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесіне көшу негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау.

Бағдарламада ерекше орын азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметке тартуға, құқықтық сана мен құқықтық

Мәлімет

Түркістан облысының адами әлеуетін дамыту басқармасы Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы аясында «Адалдық асыл қасиет» тақырыбында 10.02.2022жылы Қасқасу ауылының бас имамы Вапаев Рұстам имаммен кездесу болып өтті. Рұстам мырза адалдық жайында біраз құлаққа қонымды әңгіме өрбітті. Онда оқушылар ата-ананы құрметтеп, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсету керектігін, мұғалімді сыйлау керетігі және де оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойды. Мұндағы мақсатымыз оқушылардың болашақта жаман жолға түсіп кетпей, иманды болып өсулеріне бет бұрғызу. Оқушыларымыз иманның айтқан жақсы сөздерін бойына сіңірді деген үміттеміз.

